

**"Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының полиция қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті  
Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 18 ақпандағы № 70 қаулысы

**Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының полиция қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

*B. Сагынтаев*

**Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының полиция қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізу туралы**

"Құқық қорғау қызметі туралы" 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 47-1-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН**:

1. Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының полиция қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізу жөніндегі жоғары аттестаттау комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған:

- 1) Комиссия туралы ереже;
- 2) Комиссияның құрамы;

3) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының полиция қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізу қағидалары бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі, Қазақстан Республикасының Ишкі істер министрлігі 2019 жылғы 1 шілдеге дейін Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының полиция қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткіzsін, сондай-ақ осы Жарлықтан туындастын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

*H. Назарбаев*

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2019 жылғы  
№ Жарлығымен  
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының полиция қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізу жөніндегі жоғары аттестаттау комиссиясы туралы ЕРЕЖЕ 1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ережеде Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының полиция қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізу жөніндегі жоғары аттестаттау комиссиясының (бұдан әрі - Комиссия) құқықтық мәртебесі мен өкілеттігі айқындалады.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституациясын, заңнамалық актілерін, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін, оның ішінде Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының полиция қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізу қағидаларын және осы Ережені басшылыққа алады.

## **2. Комиссияның міндеттері**

3. Комиссияның міндеттері:

1) мыналарды:

әкімшілік полиция, көші-қон қызметі комитеттерінің төрағаларын және олардың орынбасарларын;

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің орталық аппараты департаменттерінің бастықтарын және олардың орынбасарларын;

облыстардың, астананың, респубикалық маңызы бар қалалардың және көліктегі полиция департаменттерінің бастықтарын, сондай-ақ олардың орынбасарларын;

Алматы, Қарағанды, Қостанай академияларының, Ақтөбе заң институтының, Ішкі істер министрлігінің Оқу орталығының (Шымкент қаласы) бастықтарын және олардың орынбасарларын;

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары орталық аттестаттау комиссиясының құрамына кандидаттарды;

халықаралық ұйымдардағы және шет елдердің ішкі істер министрліктеріндегі Қазақстан Республикасы ПМ-нің өкілдерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізу;

2) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының полиция қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізуді ұйымдастыру және үйлестіру болып табылады.

## **3. Комиссияның құқықтары**

4. Комиссия:

1) Комиссия құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекеттік органдардан және ұйымдардан қажетті ақпаратты сұратуға;

2) қажеттілігіне қарай мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарын және мамандарын, сондай-ақ мұдделі ұйымдардың өкілдерін тартуға;

3) Комиссия мүшелерінің отырыстарында аттестатталатын қызметкерлерді, сондай-ақ Комиссия құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың өкілдерін тындауға;

4) Комиссияға жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін қажетті өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

#### **4. Комиссия қызметін ұйымдастыру**

5. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы Комиссия төрағасы болып табылады.

6. Комиссия төрағасы:

- 1) Комиссия қызметін жалпы басқаруды жүзеге асырады;
- 2) Комиссия отырыстарын өткізу орны мен уақытын белгілейді;
- 3) Комиссия отырыстарында төрағалық етеді;
- 4) Комиссия мүшелеріне орындауға міндетті нұсқаулар береді.

7. Комиссия мүшелері:

- 1) Комиссияның жұмыс кестесі бойынша ұсыныстар енгізуге;
- 2) Комиссия отырысында қаралатын мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы.

8. Комиссия хатшысы оның жұмысын ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді жүзеге асырады және дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

9. Егер Комиссия отырысына оның құрамының кемінде үштен екі бөлігі қатысса, ол занды деп есептеледі.

Комиссия шешімі Комиссия мүшелерінің отырысқа қатысып отырған жалпы санының қарапайым көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының даусы шешуші болып табылады.

10. Комиссия қабылдаған шешім Комиссия төрағасы мен хатшысы қол қоятын және Комиссияның барлық мүшелерінің бірыңғай пікірін білдіретін хаттамамен ресімделеді.

11. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Құқық қорғау жүйесі бөлімі Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2019 жылғы  
№ Жарлығымен  
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасының Президенті жаңындағы Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының полиция қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізу жөніндегі жоғары аттестаттау комиссияның ҚҰРАМЫ**

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы, төраға  
Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы,  
төрағаның орынбасары

Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының орынбасары

Қазақстан Республикасы Президенті Кеңесінің, Бастығы

Қазақстан Республикасының Бас прокуроры

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыйайлар  
жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Құқық қорғау жүйесі бөлімінің  
менгерушісі, хатшы

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2019 жылғы

№ Жарлығымен

БЕКІТІЛГЕН

## **Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының полиция қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізу ҚАҒИДАЛАРЫ 1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының полиция қызметкерлерін  
кезектен тыс аттестаттаудан өткізу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан  
Республикасы ішкі істер органдарының полиция қызметкерлерін (бұдан әрі -  
қызметкерлер) кезектен тыс аттестаттаудан өткізу тәртібін айқындайды.

### **2. Мыналар:**

1) жүктілігі және бала күтіміне байланысты демалыс кезеңінде қызметкерлер  
қатарындағы әйелдер;

2) мемлекеттік тапсырыс шенберінде білім беру үйымдарында, оның ішінде  
Қазақстан Республикасында және шет елдерде мемлекеттік қызметшілерді даярлау  
бойынша магистратурада, докторантурада оқып жатқан қызметкерлер аттестаттауға  
жатпайды. Олар осы Қағидаларға сәйкес қызметке шыққаннан кейін аттестатталады.

### **2. Аттестаттауды өткізуі е дайындықты үйымдастыру**

3. Кезектен тыс аттестаттау кезінде бағалаудың негізгі өлшемшарттары:

1) қызметкерлердің өздеріне жүктелген лауазымдық міндеттерді орындау  
қабілеттілігі және олардың жұмыс нәтижелері;

2) білім мен практикалық дағылардың деңгейі болып табылады. Аттестатталағын  
қызметкерлердің ерекшелігі мен оларға жүктелген лауазымдық міндеттерін ескере

отырып, оларды бағалаудың қосымша өлшемшарттарын Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі айқындайды.

4. Аттестаттау бірқатар жүйелі кезендерді қамтиды:

1) аттестаттаудан өткізуге дайындық;

2) аттестаттауға жататын қызметкерлерді Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге және логикалық ойлауға компьютерлік тестілеу;

3) кәсіби жарамдылығын айқындау бойынша белгіленген нормативтерді тапсыру;

4) Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы жоғары аттестаттау комиссиясында аттестатталатын қызметкерлердің полиграфологиялық зерттеуден өтуі;

5) Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының полиция қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізу жөніндегі жоғары аттестаттау комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) не тиісті аттестаттау комиссиясы өткізетін қызметкерлермен әңгімелесу;

6) Комиссияның не аттестаттау комиссиясының шешім шығаруы.

5. Кадр бөлімшесі кезектен тыс аттестаттаудан өткізу мерзімдері туралы оны өткізу басталғанға дейін бір айдан кешіктірмей қызметкерлерді жазбаша хабардар етеді.

6. Аттестаттауға жататын қызметкердің басшысы осы Қағидаларға 1-қосымшага сәйкес нысан бойынша оның қызметтік мінездемесін ресімдейді, оны таныстырады және аттестаттау еткізілетін күнге дейін он күннен кешіктірмей оны тиісті кадр бөлінісіне жолдайды.

### **3. Аттестаттау комиссиясы**

7. Аттестаттау комиссиясы тәрағадан, мүшелерден және хатшыдан тұрады. Тиісті аттестаттау комиссиясының құрамына кемінде бес мүше кіруі тиіс. Аттестаттау комиссиясының қатыспаған мүшелерін алмастыруға жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі не оны алмастыратын лауазымды адам орталық аттестаттау комиссиясының тәрағасы, аумақтық полиция органдарының басшысы өңірлік аттестаттау комиссиясының тәрағасы болып табылады.

Аттестаттау комиссиясының хатшысы кадр бөлімшесінің өкілі болып табылады, оның жұмысын ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді жүзеге асырады және дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

8. Орталық аттестаттау комиссиясының құрамын Комиссия тәрағасымен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі бекітеді.

Өңірлік аттестаттау комиссияларының құрамдарын аумақтық полиция органы басшысының ұсынымы бойынша Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі бекітеді.

Тиісті аттестаттау комиссияларының жұмыс кестелерін Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі немесе төмен тұрған бөліністердің ұтымды

жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажеттілігін ескере отырып, аумақтық полиция органдарының басшысы белгілейді.

9. Аттестаттау комиссиясының құрамына жоғары түрған аттестаттау комиссиясында алдын ала кезектен тыс аттестаттаудан өткен бөліністердің басшылары, өзіндік қауіпсіздік қызметінің, кадр және заң қызметтерінің өкілдері (не осы қызметтер есеп беретін адамдар), аттестаттаудан ететін қызметкерлерді қоспағанда, өзге де қызметкерлер, сондай-ақ ішкі істер органдарының ардагерлері кіреді.

10. Тиісті аттестаттау комиссиясының төрағасы және оның мүшелері осындай немесе аттестаттауга жататын қызметкерлерден анағұрлым жоғары лауазымды атқаруы тиіс.

11. Ішкі істер органы жұмысының бағытына қарай бірнеше аттестаттау комиссиясы құрылуы мүмкін.

12. Аттестаттау комиссиясының шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және егер оған аттестаттау комиссиясы мүшелерінің отырыска қатысқандарының қатарынан көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп саналады.

Дауыстар тең болған жағдайда аттестаттау комиссиясының төрағасы дауыс берген шешім қабылданды деп саналады.

13. Егер отырыска оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, аттестаттау комиссиясының отырысы занды деп есептеледі.

#### **4. Аттестаттауды өткізу**

14. Кәсіби жарамдылығын айқындау бойынша нормативтерді тапсыру, Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге және логикалық ойлауға компьютерлік тестілеуден, сондай-ақ әңгімелесуді өткізу графіктерін Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі немесе аумақтық полиция органдарының басшысы бекітеді.

15. Қызметкерлердің компьютерлік тестілеуден ету тәртібі мен шарттарын және кәсіби жарамдылығын айқындау бойынша нормативтерді Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі бекітеді.

16. Комиссияның не тиісті аттестаттау комиссиясының отырысында аттестатталатын қызметкермен әңгімелесу жүргізіледі. Әңгімелесу рәсімі аудио және бейне тіркеуге жатады. Мемлекеттік құпиялар туралы заңнамамен реттелетін жағдайларды қоспағанда, әңгімелесу барысында техникалық жазба құралдарының көмегімен тіркелген ақпарат тиісті хаттамаға тіркеледі.

Комиссияның не тиісті аттестаттау комиссиясының отырысында дәлелді себептер бойынша келмеген қызметкерлер қызметке шыққаннан кейін кезектен тыс аттестаттаудан өтеді.

Комиссияның не тиісті атtestаттау комиссиясының отырысына қызметкер дәлелді себептерсіз келмеген жағдайда атtestаттау комиссиясы осы Қағидалардың 17-тармағының 3), 4), 5) тармақшаларында көзделген шешімдердің бірін қабылдайды.

17. Әңгімелесудің қорытындысы бойынша Комиссия не тиісті атtestаттау комиссиясы мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) атқаратын лауазымына сәйкес келеді және кадр резервіне қабылдауға немесе жоғары тұрған лауазымға жылжытуға ұсынылады\*;
- 2) атқаратын лауазымына сәйкес келеді;
- 3) атқаратын лауазымына сәйкес келмейді және лауазымын төмендету ұсынылады;
- 4) атқаратын лауазымына сәйкес келмейді және басқа қызметке (лауазымға) ауыстыру ұсынылады;
- 5) атқаратын лауазымына сәйкес келмейді және ішкі істер органдарынан жұмыстан шығаруға ұсынылады.

18. Комиссияның не тиісті атtestаттау комиссиясының шешімі үш жұмыс күні ішінде хаттамамен ресімделеді, оған отырысқа қатысқан атtestаттау комиссиясының мүшелері және хатшы қол қояды.

19. Кадр бөлімшесі Комиссияның не тиісті атtestаттау комиссиясының шешімін осы Қағидаларға 2-қосымшага сәйкес нысан бойынша қызметкердің атtestаттау парағына енгізеді.

Қызметкер Комиссияның не тиісті атtestаттау комиссиясының шешімімен ол қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қол қойып танысады.

20. Кезектен тыс атtestаттаудан өтпеген және (немесе) ішкі істер органдарында өзге, оның ішінде төмен тұрған лауазымдарда қызметін жалғастырудан бас тартқан полиция қызметкері "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі - Заң) белгіленген тәртіппен жұмыстан шығарылуға жатады.

## **5. Атtestаттау комиссиясының шешіміне шағымдану**

21. Комиссияның не тиісті атtestаттау комиссиясының шешіміне Заңда белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

Ескертпе: \* - Комиссияның не тиісті атtestаттау комиссиясының отырысында осы Қағидалардың 17-тармағының 1) тармақшасы бойынша шешім қабылданған қызметкерлер Ішкі істер министрлігінің, сондай-ақ аумақтық полиция бөліністерінің лауазымдар номенклатурасы бойынша Президенттік резервке немесе кадр резервіне қабылдануы мүмкін.

аттестаттаудан өткізу

қағидаларына

1-қосымша

## Кезектен тыс аттестаттаудан өтуге жататын қызметкердің қызметтік мінездемесінің үлгілік нысаны (қызметкердің тікелей басшысы толтырады)

Қызметкердің Т.А.Ә.

Лауазымы

Тағайындалған күні

Атағы

1. Лауазымдық міндеттерін орындауы (қызметкер шешуге қатысқан негізгі мәселелердің тізбесі келтіріледі; қызметтік міндеттерін орындаудың тиімділігі мен адалдығы, шығармашылық бастамашылығы, азаматтармен жұмысы және т.б. бағаланады).

2. Мемлекеттік органның қызметі саласындағы стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды білуі, кәсіптік білімін қолдануы, сондай-ақ егер лауазымдық міндеттеріне кірсе, коммуникациялық және ақпараттық, технологияларды қолдануы (стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды білуі, кәсіптік білімінің, коммуникациялық және ақпараттық технологияларды білуінің деңгейі, оларды жұмыста қолдануы және т.б. сипатталады).

3. Заңдылықты, оның ішінде сыйайлар жемқорлыққа қарсы, мемлекеттік қызметшілердің этикасы туралы заңнаманы, сондай-ақ еңбек тәртібін, ішкі қызметтік күн тәртібін сақтауы (тәртіптік жазалары, заңдылықты, оның ішінде сыйайлар жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау туралы мәліметтер және т.б. көрсетіледі).

4. Жеке қасиеттері (қызметкердің жеке қасиеттері: адамдармен тіл табысуы, азаматтармен жұмыс істеу қабілеті, психологиялық орнықтылығы, өзін-өзі жетілдіруге қабілеті және т.б. сипатталады).

5. Қызметкер жұмысының қорытынды бағасы (тікелей басшының қызметкер туралы пікірі көрсетіледі: атқаратын лауазымына сәйкес келеді не сәйкес келмейді, жоғары тұрған немесе төмен тұрған лауазымға ұсынылуы мүмкін).

6. Аттестатталағын адам басқаратын бөлініс не ол жетекшілік ететін бөлініс жұмысының нәтижелері, оның ішінде сыйайлар жемқорлық көріністеріне қарсы іс-қимылдың жай-күйі туралы мәліметтер.

7. Өзге де мәліметтер.

Басшының Т.А.Ә.

Лауазымы \_\_\_\_\_ Атағы \_\_\_\_\_

Күні 20 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

МО

Таныстым \_\_\_\_\_

Күні \_\_\_\_\_

(қызметкердің Т.А.Ә., қолы)

Қазақстан Республикасы ішкі  
істер органдарының полиция  
қызметкерлерін кезектен тыс  
аттестаттаудан өткізу  
қағидаларына  
2-қосымша

**Кезектен тыс аттестаттауға жататын полиция қызметкерін аттестаттау  
парағының үлгілік нысаны**

1. Тегі, аты, әкесінің аты \_\_\_\_\_

2. Тұған күні жылғы \_\_\_\_\_ "\_\_\_" \_\_\_\_\_

3. Білімі \_\_\_\_\_

4. Мамандығы \_\_\_\_\_

5. Кезектен тыс аттестаттау кезіндегі сәтіндегі атқаратын лауазымы \_\_\_\_\_

6. Атағы \_\_\_\_\_

7. Кезектен тыс аттестаттау комиссиясының шешімі \_\_\_\_\_

8. Өзге де мәліметтер \_\_\_\_\_

Кезектен тыс аттестаттау комиссиясының төрағасы \_\_\_\_\_

(қолы)

Кезектен тыс аттестаттау комиссиясының хатшысы \_\_\_\_\_

(қолы)

Кезектен тыс аттестаттауды өткізу күні 20 \_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Аттестаттау парағымен таныстыым \_\_\_\_\_

---

(қызметкердің қолы және күні)

МО

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК